

**Жәнібек ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2011 жылға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы**

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 29-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 31 желтоқсанда N 7-6-116 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 16 сәуірдегі N 3-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2012.04.16 N 3-3 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес, Жәнібек ауданы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсанындағы N 6-30/1001 хатын қарастырып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жәнібек ауданына ауылдық елді мекендеріне жұмыс істейу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы түрінде жетпіс есептік айлық көрсеткішке теңге сомада 2011 жылға көтерме жәрдемақы және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит ұ с ы н ы л с ы н .

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2011.08.25 N 34-2 Шешімімен.**

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Жәнібек аудандық мәслихатының "Жәнібек ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылға

